

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!



Бұл жинақ Қазақстанның тарих ғылымының терең, жан-жақты зерттелуіне үлес қосқан ғалым-энциклопедист, тарихшы-зерттеуші профессор М.Қ. Қозыбаевтың туғанына 85 жылдығына арналған.

1931 ж. 16 карашада Қостанай облысында (Мендіғара ауданы, Тазкел басындағы ауылда) дүниеге келген. 1947 ж. Мендіғара педагогикалық училищесін, 1953 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген, тарих ғылымдарының докторы (1969), профессор (1970), Қазақстан Республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер (1986), Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (1970), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (1989), Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің халық депутаты (1991-1993), Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1995), ҚР Президентінің бейбітшілік және

рухани келісім сыйлығының лауреаты (1997), Қостанай облысы Мендіғара ауданының Қостанай қаласының құрметті азаматы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінің, Шәкәрім атындағы Семей университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің, Қарағанды медицина, «Қаз-Гор» академияларының, Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры т.б.

Кеңестер Одағының Ұлы Отан соғысы жылдары кең жазира Қостанайдың нулы-сулы даласының бір қалтарысындағы шағын ауылда буыны қатпаған он жастағы бала еңбек жолын бастады. Халықтың ата-салтына, дәстүріне негізделген отбасының тәрбиесі, білімге деген құштарлық әуелі оны Мендіғара қазақ педагогикалық училищесіне әкелді. Бір жыл Үлгілі жеті-жылдық мектебінде (1947-1948) мұғалім болып істеген ол арман жолын қуып, Қазақтың мемлекеттік университетінің тарих факультетіне келіп түсті, А. Иманов атындағы атаулы стипендия алып, 1953 жылы үздік бітірді. Қостанайдың оқытушылар, кейін педагогикалық болып өзгерген институтта аға оқытушы (1953-1958); СОКП-ның жанындағы марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалында аға ғылыми қызметкер, ғылыми хатшысы, сектор меңгерушісі (1958-1974); Алматы малдәрігерлік институтының, кейін Қазақ мемлекеттік университетінің жанындағы қоғамдық пән оқытушыларын жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі (1974-1979), Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы (1979-1986), бұрынғы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының, қазіргі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының тарихнама бөлімінің меңгерушісі (1986-1988), ал 1988 ж. маусымынан өмірінің соңына дейін осы институттың директоры. Ғалымның педагогикалық, ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық жолы осындай. Ғалымның 53 жылдық еңбек жолының 40 жылы ғылымға арналды.

М.Қ. Қозыбаевтың өмірлік бағыт таңдау кезеңі ең қатал диктатура – сталиншілдік биліктің аяқталуына келді. Бұл болса жас ғалымның көзқарасына зор ықпал етті. Ғылыми-кәсіби жолын Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне қосқан үлесін зерделеуден бастаған ол біртіндеп ғылыми зерттеу аясын кеңейтіп, қазақ халқының шығу тегінен бастап, оның өркениеттегі орны, ХХ ғ. қасіретті тағдыры туралы тұтас, кешенді концепция жасауға ұмтылды. Сонымен қатар қазақ халқының тілі, ділі, діні, мәдениетінің өзекті мәселелері қаралып, кешегі кеңестік қоғамдағы жалпылама (тоталдық) бірегейлендіру жүйесін бұзып, қазақ халқының өзіндік, ұлттық болмысын анықтау жұмыстары жүргізілді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қозыбаев 70 жылдардың басында республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін қоғамтанушылардың алдыңғы қатарына шықты. Оның мұндай жоғары деңгейге көтерілуіне ғалымның соғыс және бейбітшілік, өлкені социалистік түрде модернизациялау, аймақтық-республикалық көлемдегі билік

жүйесінің структурасы, бүкіл шығыста өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру проблемаларына арналған академиялық және ғылыми-көсемсөздік еңбектері негіз болды.



М. Қозыбаевтың отбасы

Академик М.Қ. Қозыбаев 800-ден астам ғылыми, ғылыми-көсемсөздік еңбектердің авторы, оның 30-ы монографиялар (оның ішінде 18-і қосалқы авторлармен), 50-ден астамы ұжымдық еңбектер. Кеңестік ғылыми білім беру жүйесінің тәрбиесін ала отырып, ол өзінің ұйымдастыру қабілетін шындады, сонымен қатар академиялық, ғылыми-көсемсөздік ізденістерін шарықтата түсті. Кеңестер Одағының соңғы жиырма жылы Одақтас Республикалардағы этникалық бұлқынысқа, серпіліске толы болды. Ойшыл ұлттық зиялылар кеңестік патриотизм идеясынан өтіп, ұлттық намысқа негізделген ізденістер жасай бастады.

М. Қозыбаевтың осы тұстағы басылымдары қазақ халқының тарихына терең бойлап, ресми ғылымдағы орысшыл Орталық уағыздаған тарих шеңберінен шыға бастады. Бұл болса, саяси және ісмер, зиялылар элитасының ұмтылысына сәйкес келді.

Уақыт замана талабына сай жан-жақты білімді ұлт рухын көтеріп, оның жаңа бағытта дамуына ықпал жасарлық тұлғаларды шығарды. Осы тұста М. Қозыбаевтың Қазақстанның емін-еркін, суверенді дамуына толық мүмкіндік бар екендігін баяндайтын бірнеше кітаптары жарық көрді «Золотой фронт партии» (1973) деген монографияда басшы кадрлардың біржақты Москвадан жергілікті жерлерге қозғалысы бары баса айтылды. Ғалымның арнайы топтама (сериал) басылымдарында ұлт-азаттық қозғалысының басты кезеңдері, қаһармандарының тағдыры көрсетілді, коммунистік лидерлердің қазақ халқына жасаған қиянаты ашылды.

1985 ж. М. Қозыбаевтың ғылыми басшылығымен шыққан «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945)» атты 40 сериалық фильмінде республиканың әлемдік тарихтың ең бір жауапты кезеңіндегі нақты орны және маңызы бейнеленді.

М. Қозыбаев өмірінің бір сәті энциклопедиялық білім таратуға арналды. Оның өзі дайындаған Қазақстан туралы, Дала өркениеті туралы материалдары отандық және шетелдік басылымдарда шықты. Ол Қазақ Кеңестік энциклопедиясының бас редакторы қызметін атқарды.

Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық таңдамалы еңбектерін (2-ші басылым) көп томдық энциклопедиялық басылымдарды шығару ісін басқарды. Осы жылдары М. Қозыбаев Одаққа есімі танымал ғалым санатында «Кеңес жұмысшы табының тарихы» (3 т.), «Ұлы Отан соғысының бірінші кезеңіндегі кеңестік тыл», «Ұлы Отан соғысының тарихнамасы», «Кеңестік Отанды қорғаудың басы-қасында» (1975, 1985) сияқты еңбектерді жазуға атсалысты.



*Манаи Қабашұлы Қозыбаев – Қостанай мұғалімдер институтының аға оқытушысы.
Сара Пішембайқызы Молдабаева – Қостанай мұғалімдер институтының
математика кафедрасының оқытушысы*

Жаңа кезеңде тарихқа ескі догматикалық көзқарастан бас тарту керек еді. М. Қозыбаев бастаған авторлық топ жазған «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаруалардың қасіреті» атты мақаласы 1920-1930-жылдардағы қазақ халқына жүргізілген геноцид саясатын әшкереледі. Бұл мақалада келтірілген тарихи талдау шын мәнінде Коммунистік партия жоспарлы түрде жүргізген қазақтарды қырып-жойып, оның өркениетіне балта шабуы туралы дәлелденген айып таңу еді. Бұл басылымның қоғамдық үні өктем шықты. Қазақстандағы 1920-1930-шы жылдардағы қолдан жасаған аштықты еврей халқына қарсы жүргізген көп ғасырлық қуғын-сүргінмен ғана салыстыруға болады. Қарақшы Жармақтың (Ермек) Ібір-Сібір еліне жасаған басқыншылығы туралы сериялы басылым тұтас отаршыл жүйеге рухани қарсылықтың көрінісі болды. Міне, осылай қазақ мемлекеттігін қалпына келтіріп жатқан сын сағатта ұлттың ұлы қасіреті еске алу қазақ халқының есейуіне, бірігуіне серпін берді.



Кирдяев И.Т. және Қозыбаев М.Қ. – Қостанай мұғалімдер институтының оқытушылары

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Отан тарихының өзекті проблемаларын зерттеуге сіңірген еңбегі ұшан теңіз.



Жұмасұлтанов Ә.Ж., Қозыбаев М.Қ., Туманишин К.М. – тарих ғылымдарының докторлары

Отан тарихын әлеуметтік-экономикалық формациялар мен өркениеттік талғам мен талап негізінде, тарихшылардың алғы буындарының еңбектеріне сүйеніп, жаңа деректеме көздерін пайдалана отырып зерделеу арқылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымы қазақ халқының шығу тегі, қазақ мемлекеттігі, үш жарым ғасырға созылып, Ұлы Отан соғысына ұласқан қазақ-жоңғар қарама-қарсылығы, ұлтымыздың 260 жыл Ресей империясының, Кеңестік Ресейдің қаласындағы отарлы ел болған болмысының тарихын жүйелі түрде саралап, ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, Отантану ғылымын жаңа сатыға көтерді.

Академик М. Қозыбаевтың «История и современность» (А-А., 1991), «Ақтаңдақтар ақиқаты» Оқу құралы (А-А., 1992), «Жауға шаптым ту байлап» (А., 1994), «Тарих зердесі» (Т. I, II, А., 1998), «Труд во имя победы» (А-А., 1995 қосалқы авт.), «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» (2 кітап), «Дала өркениеті және қазақ халқы» (А., 2001), т.б. монографиялары, мектептің 9-10 сыныптарға жазған оқулықтары, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары, ғылыми, ғылыми-публицистикалық мақалалары Қазақстан тарихнамасына қосқан қомақты үлес және Отан тарихы ғылымының жаңа белестегі даму деңгейін көрсететін еңбектер. Академик Манаш Қабашұлының басшылығымен, тікелей қатысуымен даярланған «Қазақстан тарихының» бестомдық академиялық басылымы, «Қазақстан тарихы» (ағылшын тілінде), «Қазақстан тарихының очеркі», «Қазақстанның көрнектелген тарихы» (үш томдық – 1 томы жарық көрді), көптеген құжаттар жинағы сол ғылыми-теориялық ізденістердің нәтижесі. Осы тұста ғалым тарих ғылымында жаңа пайымдаулар жасады. Евразияның өркениеттік маңызы, Ресейдің отарлық шапқыншылығының құпия сырлары, социалистік модернизациялау саясаты тәжірибесінің салдары, қазақ ұлттық элитасының Отандық тарихтағы орны, өлкенің экологиялық дағдарысқа ұшырауы т.б. проблемалары қайтадан қаралды. Сонымен қатар М. Қозыбаевтың жан-жақты ғылыми ізденістерінің маңына топтасқан ғалымдардың жаңа тобы қалыптасты. Өзінің ғылымдағы жаңашылдығымен, тарихқа методикалық және методологиялық көзқарастарымен, отандық тарихи зерттеуге әлемдік тәжірибені кеңінен пайдаланудағы үлгісімен академик М.Қ. Қозыбаев жас буынды топтастыра алды.



Манаш Қозыбаев достары ортасында

Қоғамның демократиялық негізінің бірі болған бұқаралық тарихи сананы қалыптастыруға М. Қозыбаев белсенді атсалысуда. Ол қоғам қайраткері санатында өзінің бар күшін Кеңестік заманадан кейінгі әккі болған империялық ойлаудың стереотипіне қарсы жұмсап келеді.

Ғалым қазақ мемлекеттігінің, Қазақстанның отаршылдық және кеңестік тоталитаризм кезіндегі тарихын жаңа концептаулды пайымдаудың қайнар басында тұрды.

М.Қ. Қозыбаев тәуелсіздік тұсында қоғамдық есеюімізге өз ықпалдарын тигізе алған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пәрменімен жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, ұлттық тарих, ұрпақтар сабақтастығы, мәдениетті қолдау жылдарын өткізіп, мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясатының тереңдей, пәрмендене түсуіне атсалысып жүрген көрнекті Елжанды Азамат.

М.Қ. Қозыбаев көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол 1990-1993 жж. халық депутаты болып сайланып, Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту Комитетінің, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мүшесі болды. 1993 ж. ҚР Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің Мүшесі, адам құқығы жөніндегі республикалық Комиссияның Мүшесі (1994-1998), ҚР Жоғарғы аттестациялық Комитетінің Президиум мүшесі (1993-1999), Мемлекеттік сыйлықтар комиссиясының Мүшесі (1992 ж. бастап), Ескерткіш және монументтер орнату жөніндегі мемлекеттік комиссиясының Мүшесі, Мәдениет министрлігі жанындағы ғылыми-методикалық Кеңестің төрағасы, Республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының Президенті, «Отан тарихы» журналының бас редакторы, «ҚР ҰҒА хабарлары», «ҚР ҰҒА хабаршысы», «Ақиқат», «Қазақ тарихы» журналдарының алқа Мүшесі, «Қазақстан-Zaman» газетінің құрылтайшысы Манаш Қозыбаевтың есімі тарих сүйер қауымға, әсіресе, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бері етене жақын. Ол ХХ ғ. басындағы тарихи публицистика дәстүрін жалғады, тарихи ғұмырнама жанрында танылды. «Қазақ әдебиетінің», «Егемен Қазақстанның», «Қазақстан-Zaman» газеттерінің лауреаты болып, көсемсөз саласында көзге түсті.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбектері Ресей, Армения, Белорусия, Украина, Қытай, Түркия, Корея, АҚШ, Иран т.б. елдерде басылып шықты. Ғалым тек соңғы 15 жыл ішінде 200-дей баяндамалар мен халықаралық конгресстер, конференциялар, симпозиумдар, бүкіл-дүниежүзілік қазақтар құрылтайы, ғылыми сессиялардың трибунасынан сөйледі.



*Петропавл қ. 2001 ж. Қожаберген жырау мерейтойына арналған
ғылыми-теориялық конференция*

Ұстаз ғалым М. Қозыбаевтың жетекшілігімен 90-ға жуық ізденушілер кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Аз ғана жылдар ішінде тәуелсіз Қазақстан тарихының зәрулі проблемаларын зерттейтін ғылыми мектеп бой көтерді. Шәкірттерінің ішінде Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан ғалымдары бар. Ғалымның шәкірттері тәуелсіз еліміздің белді жасампаздары. Олардың қатарында министр, университет ректоры, әскери академияның басшысы, кафедра меңгерушілері, шетелдік елшілер, Президент аппаратының жауапты қызметкерлері бар.

2002 жылдың 31 қаңтарында Ұлы Ұстаз өмірден озды.

Әбіл, Е.А.,
«ҚМПИ Жаршысы» бас редакторы,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор ҚМПИ

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Выход этого сборника посвящен 85-летию со дня рождения организатора исторической науки Казахстана, ученого-энциклопедиста, историка-исследователя, профессора М.К. Козыбаева.

Манаш Кабашевич Козыбаев родился 16 ноября 1931 г. в ауле Тазкуль Мендыгаринского района Костанайской области. В 1947 г. окончил Мендыгаринское педучилище им. И. Алтынсарина, в 1953 г. – исторический факультет КазГУ им. С.М. Кирова. Доктор исторических наук (1969), профессор (1970), лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова (1970), заслуженный деятель науки Казахской ССР (1986), он был избран членом-корреспондентом АН КазССР (1979), стал действительным членом НАН Казахской ССР (1989), народным депутатом Верховного Совета КазССР XII созыва (1990-1993), лауреатом Государственной премии РК (1995), лауреатом Президентской премии мира и духовного согласия (1997), почетным гражданином Мендыгаринского района, г. Костаная, почетным профессором Костанайского университета им. А. Байтурсынова, Семипалатинского университета им. Ш. Кудайбердиева, Кызылординского университета им. Коркыт Ата, Карагандинской медицинской академии (1999), Атырауского университета им. Х. Досмухамедова, академии «Казгор» и т.д.

Начав трудовую деятельность в годы Второй мировой войны одиннадцатилетним мальчиком в далекой глубинке Костанайской лесостепи, он всегда стремился к получению классического образования. Жажде знаний во многом способствовало домашнее воспитание в духе почитания народных традиций и обычаев. Окончив Мендыгаринское педагогическое училище, один год проработал учителем Ульгулинской семилетней школы в Узункульском районе Кустанайской области (1947-1948). Его выбор пал на изучение наук в исторической школе Казахского Государственного университета, который он успешно закончил в 1953 г.

Затем Манаш Кабашевич работал старшим преподавателем Кустанайского учительского института, преобразованного в педагогический институт (1953-1958); старшим научным сотрудником, ученым секретарем, заведующим сектором в Казахском филиале Института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС (1958-1974); заведующим кафедрой Алма-Атинского Зооветеринарного института, а затем Института повышения квалификации преподавателей общественных наук при КазГУ им. С.М. Кирова (1974-1979); главным редактором КСЭ (1979-1986); зав. отд. историографии Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН Каз ССР (1986-1988).

С июня 1988 г. по настоящее время Манаш Кабашевич Козыбаев плодотворно работал директором Костанайского государственного педагогического института. В 1998 г. он основал и являлся главным редактором первого в истории Казахстана профессионального исторического научного журнала «Отан тарихы». Из 53 лет трудовой деятельности М.К. Козыбаева 40 – посвящены науке.

Время выбора своего жизненного кредо совпало у Козыбаева с завершением правления одной из самых жестоких диктатур – сталинщины. Это наложило свой отпечаток на мировоззрение молодого ученого. Начав свой научно-профессиональный рост с изучения проблем вклада Казахстана в победу во Второй мировой войне, он постепенно расширяет круг своих научных интересов, стремясь создать целостную картину истоков казахского народа, его этнической неповторимости и трагической судьбы в двадцатом столетии. Одновременно им велась напряженная работа по отстаиванию интересов казахского языка и культуры, поднятию престижа исконно казахской истории и распространению исторических знаний в условиях тотальной унификации советского общества. К началу семидесятых годов доктор

исторических наук, профессор Козыбаев начинает занимать одно из ведущих мест среди гуманитариев, формирующих общественное мнение в Казахстане. Его компетенция была подтверждена рядом фундаментальных академических и научно-популярных работ по проблемам войны и мира, социалистическим формам модернизации края, а также структуре организации власти на регионально-республиканском уровне.



Семья Козыбаевых

Академик М.К. Козыбаев – автор 800 научных, научно-публицистических работ, из них 30 монографий (18 в соавторстве), свыше 50 коллективных, в т.ч. многотомных трудов. Продвижение по иерархической лестнице советской научно-образовательной системы позволило Козыбаеву реализовать не только свои организаторские способности, но и расширить формат изысканий как в чисто академическом, так и в публицистическом жанре. Последнее двадцатилетие существования СССР характеризовалось духом этнического возрождения в союзных республиках. Не ортодоксально мыслящая национальная интеллигенция стала декларировать идеи не аморфного советского патриотизма, а умеренного и просвещенного национализма. Публикации Козыбаева того периода нацелены на популяризацию реальных исторических знаний о казахском народе в противовес русоцентристской доминанте официальной науки. Здесь интересы интеллектуалов совпали с устремлениями нового поколения политической и деловой элиты Казахстана.

Временем были востребованы личности, которые, обладая обширными и универсальными знаниями, способствовали бы поднятию духа нации и направлению его в русло конструктивного партикуляризма. В этот период выходит ряд книг Козыбаева, содержащих в себе идеи о потенциальных возможностях Казахстана к самостоятельному и суверенному развитию. Так, монография «Золотой фонд партии» (1973) впервые затронула проблему так называемых казахских национал-коммунистов, репрессированных в сталинский период, об одностороннем движении руководящих кадров от центра к регионам. Серии научно-популярных статей сделал доступными читателям ранее преданные забвению имена и судьбы героев национально-освободительного движения казахов. К 1985 г. под научным руководством Козыбаева выходит 40-серийный документальный фильм «Казахстан в Великой Отечественной войне: 1941-1945 гг.», где раскрывается реальная роль и значение Республики на одном из самых переломных моментов мировой истории.

Целый пласт жизни Козыбаева посвящен распространению энциклопедических знаний. Подготовленные им материалы легли в основу справочно-информационных публикаций о Казахстане как отечественных, так и мировых издательств. Он являлся главным редактором многотомного издания «Казахской энциклопедии», 5-томного собрания сочинений Ч.Ч. Валиханова (2-издание), а многочисленные энциклопедические, документальные издания,

осуществленные под его руководством и при непосредственном участии академика, являются результатом новых научно-теоретических изысканий. Его работа «Казахстан – арсенал фронта» заняла лидирующую позицию по Советскому Союзу, как одно из ярких произведений научно-публицистического жанра.



Братья Козыбаевы

Первый ряд: слева Сагимбай, Оразалы, Манаиш

Второй ряд: Ильяс, Серик, Нурлан

В числе известных ученых СССР в 1970-1980 гг. М.К. Козыбаев участвовал в написании многотомной «Истории рабочего класса СССР», фундаментальных изданий «Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны», «Историография Великой Отечественной войны», «Во главе защиты Советской Родины» и ряда других исследований.

Обстановка открытости даже при обсуждении самых острых проблем позволяет ученым республики освободиться от старых догматических подходов. Толчком к этому послужила вышедшая в соавторстве статья М. Козыбаева «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства», где впервые были преданы гласности факты геноцида 1920-1930-х гг. по отношению к казахскому народу. Исторический анализ, изложенный в статье, по существу являлся доказательной базой по обвинению Коммунистической партии в организации планомерных действий по уничтожению казахов и их цивилизации. Общественный резонанс этой публикации трудно переоценить. В историческом сопоставлении голод 1920-1930-х гг. в Казахстане был сравним с Холокостом по отношению к евреям. Таким образом, возрожденная память об этих событиях послужила мощным стимулом к консолидации казахской нации на одном из критических этапов восстановления государственности. За годы независимости Казахстана Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова под руководством М.К. Козыбаева внес огромный вклад в разработку актуальных проблем истории Республики Казахстан. Главными приоритетными направлениями исторической науки Казахстана стали актуальные проблемы методологии исторических знаний, этногенеза и этнической истории казахского народа, национальной и государственности и национальной безопасности, социально-политической и экономической истории Казахстана, а так же проблемы всеобщей истории в плане взаимосвязей и взаимоотношений Казахстана с Россией, Китаем, государствами СНГ, странами дальнего зарубежья и т.д. При этом в разработке самых сложных и актуальных проблем истории генератором идей выступает сам М.К. Козыбаев.



Студенты биолого-химического факультета Костанайского государственного учительского института. 1957 год.

За этим научным открытием по цепной реакции последовали и другие историко-философские откровения. В проблемном плане были поставлены вопросы о цивилизационной значимости Евразии, истории российских колониальных захватов, последствиях социалистического опыта модернизации, роли и места казахской национальной элиты в утрате и обретении независимости, экологической истории края и многие другие. Реальным воплощением годов интенсивного труда явился сериал исторических учебников и учебных пособий для средних школ и университетов республики. С другой стороны, многосторонность научных интересов позволила М. Козыбаеву подготовить новую генерацию ученых, свободных от политической конъюнктуры и идеологической зашоренности. Тут важную роль сыграли его инновационные инициативы по совершенствованию методических и методологических подходов, а также по широкому внедрению мирового опыта в отечественные исторические исследования.

Активно участвует Козыбаев и в становлении массового исторического сознания, как одной из основ демократического общества. В этом плане его энергия как общественного деятеля направлена на идейное противостояние, как имперским стереотипам постсоветского мышления, так и крайним формам казахского национализма. Публичные выступления в средствах массовой информации и участие в политических дискуссиях обнаруживают в нем яркого поборника идей нового евразийства, как полиэтничного сожительства с равными возможностями и терпимыми взглядами.




Москва. Красная площадь. 1969. После защиты докторской диссертации

Он стоял у истоков новых концептуальных разработок истории казахской государственности, истории Казахстана в условиях колониализма и советского тоталитаризма, реабилитации жертв массовых политических репрессий. В качестве члена Государственной комиссии им проведена большая работа по реализации Указов Президента РК Н.А. Назарбаева «Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв массовых политических репрессий», «Об объявлении 1998 года Годом народного единства и национальной истории», «Об объявлении 1999 года Годом единства и преемственности поколений».

М.К. Козыбаев – видный государственный и общественный деятель. В 1990-1993 гг., будучи народным депутатом, входил в состав Комитета по национальной политике, культуре и развитию языков, был членом Комитета национальной безопасности Верховного Совета РК. С 1993 г. являлся членом Национального совета по государственной политике при Президенте РК, в 1994-1998 гг. – членом Республиканской комиссии по правам человека, в 1993-1999 гг. – членом Президиума ВАК, с 1992 г. – членом Комитета по Государственным премиям РК в области науки, техники и образования при Правительстве РК, членом Государственной комиссии по памятникам и монументам. М.К. Козыбаев был также президентом республиканского историко-просветительского общества «Адилет». Большую работу он проводил и в качестве председателя научно-методического совета Комитета культуры Министерства культуры, информации и общественного согласия.

Труды академика М.К. Козыбаева изданы в России, Армении, Белоруссии, Украине, Китае, Турции, Корее, США, Иране и других странах. Только за последние 10 лет число докладов и научных сообщений ученого на научных семинарах, конференциях, международных форумах и симпозиумах перевалило за 200. М.К. Козыбаев огромное внимание уделял и научно-педагогической работе. Им подготовлена целая плеяда талантливых ученых, в том числе около 90 кандидатов и докторов наук. Им создана научная школа по исследованию актуальных проблем истории суверенного Казахстана. Среди его учеников есть видные ученые Китая, Монголии, Узбекистана, России. В числе его учеников есть министр, ректор университета, начальник Военной академии, профессора вузов, зав. Отделами и зав. кафедрами, Чрезвычайные и Полномочные Послы, ответработники Аппарата Президента.

31 января 2002 года его сердце перестало биться.



Алматы. Кенсай. У надгробного памятника М.К. Козыбаева

Абиль, Е.А.,
главный редактор «Вестника КГПИ»,
доктор исторических наук, профессор КГПИ